

## ABB фирмасы салатын электр станциясы құрылышының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 қазандағы N 1220

ABB фирмасы Үкіметтің қамқоршылығымен Балқаш көлінің жанындағы Үлкен поселкесінде қуаттылығы 320 МВт электр станциясы құрылышының жобасын жүзеге асыру ниетінде 1996 жылғы 18 маусымда қол қойылған Өзара түсіністік меморандумына сәйкес ABB фирмасы жобаны жасайды, жобалау мен құрылышын салуды орындаиды, сондай-ақ электр станциясын қаржыландыруды, пайдалануды және техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Осы жоба Қазақстан Республикасы үшін басымдықты деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Энергетика және қоғамдық меморандумына сәйкес ABB фирмасы жобаны жасайды, жобалау мен құрылышын салуды орындаиды, сондай-ақ электр станциясын қаржыландыруды, пайдалануды және техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастырады.

2. ABB фирмасы 1996 жылдың қазан айы ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында рұқсаттарды, келісімдер мен лицензияларды, оның ішінде бірінші кезектегі тәртіппен - Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен электр станциясының құрылышына жерді пайдалану туралы контрактіні ресімдесін.

3. ABB фирмасының осы жобаны жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары және Алматы облысының әкімі қысқа мерзімде жобаны жүзеге асыруда фирмаға қажетті жәрдем көрсетсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау және электр станциясы құрылышының жобасын жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Г.Штойкке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі